ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



**2023.10 (4)**
қазан-желтоқсан

**ISSN 2710-3994**

ISSN 2710-3994 (online)
*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2023
© Авторлар ұжымы, 2023

**БАС РЕДАКТОР**

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Аяған Бүркітбай Ғелманұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институтыдиректорының орынбасары. (Қазақстан)
**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнологияинститутының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)
**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтыныңдиректоры. (Қазақстан)
**Вернер Кунтhиа (Werner, Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).
**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (MississippiValley State University). (АҚШ)
**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фарабиатындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
**Қожамжарова Дария Пернешқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
**Кожирова Светлана Басиевна** — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай жәнеОрталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)
**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)
**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)
**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
**Матыжанов Кенжехан Islәмжанұлы** — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)
**Муминов Әшірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениетғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)
**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)
**Самашев Зайнолла Самашұлы** — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
**Сыдықов Ерлан Бәттәшұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы** — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астанақаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)
**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих жәнеэтнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)
**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ**

**Копеева Сания Жуматайқызы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері.(Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.
*Адрес редакции и издательства:*
050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28
РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Коллектив авторов, 2023

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Алимбай Нурсан —** кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории иэтнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)
**Абиль Еркин Аманжолович —** доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)
**Аяган Буркитбай Гелманович —** доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)
**Вернер Синтия (Werner, Cynthia) —** доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)
**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) —** PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)
**Дайнер Александр (Diener Alexander) —** доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)
**Исмагулов Оразак Исмагулович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)
**Карибаев Берекет Бахытжанович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)
**Кожамжарова Дария Пернешовна —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно- Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)
**Кожирова Светлана Басиевна —** доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)
**Кокебаева Гульжаухар Какеновна —** доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)
**Кумеков Болат Ешмухамбетович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)
**Матыжанов Кенжехан Слямжанович —** доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)
**Моррисон Александр (Morrison Alexander) —** PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)
**Муминов Аширбек Курбанович —** доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür AraştırmaMerkezi. (Турция)
**Римантас Желвис (Želvys Rimantas) —** доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет. (Литва)
**Самашев Зайнолла Самашевич —** археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)
**Сыдыков Ерлан Батташевич —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийскогонационального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)
**Таймагамбетов Жакен Кожахметович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна —** кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ**

**Козыбаева Махаббат Маликовна —** PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).
**Капаева Айжан Тока новна —** доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института историии этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).
**Кубеев Рустем Джаулыбайулы —** научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ**

**Копеева Сания Жуматаевна —** сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Founder and publisher*: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.
*Editorial and publisher address:*
28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan
RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: https://edu.e-history.kz

© Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2023
© Group of authors, 2023
© Коллектив авторов, 2023

**EDITOR-IN-CHIEF**

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**EDITORIAL BOARD**

**Alimbay Nursan —** Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History andEthnology. (Kazakhstan)
**Abil Yerkin Amanzholovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK.(Kazakhstan)
**Ayagan Burkitbai Gelmanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)
**Werner, Cynthia —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)
**Golden Kathie Stromile —** PhD, Mississippi Valley State University. (USA)
**Ismagulov Orazak Ismagulovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)
**Karibayev Bereket Bakhytzhanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic ofKazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)
**Kozhirova Svetlana Bassievna —** Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chineseand Asian Studies. (Kazakhstan)
**Diener Alexander —** Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)
**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna —** Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)
**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)
**Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich —** Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)
**Morrison Alexander —** PhD, Professor, University of Oxford. (UK)
**Muminov Ashirbek Kurbanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for IslamicHistory, Art and Culture. IRCICA (İslвm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)
**Rimantas Želvys —** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)
**Samashev Zainolla Samashevich —** archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of GermanArchaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)
**Sydykov Erlan Battashevich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of theRepublic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)
**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**EXECUTIVE EDITOR**

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna —** Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of Historyand Ethnology (Kazakhstan).

**ACADEMIC EDITOR**

**Kozybayeva Makhabbat Malikovna —** PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology.(Kazakhstan)
**Kapaeva Aizhan Tokanovna—** Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of Historyand Ethnology. (Kazakhstan)
**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly —** researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**TECHNICAL SECRETARY**

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna —** researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology.(Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Edu.e-history.kz
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 10. Is. 4, pp. 843–855, 2023
Journal homepage: https://edu.e-history.kz

FТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_843–855

# KAZAKHS IN MONGOLIA: A GENERAL OVERVIEW OF THE ETHNOCULTURAL, DEMOGRAPHIC AND SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT

*Shalmanova Aliya*[1*], *Beknazarov Rahim*[2]

[1]K. Zhubanov Aktobe Regional University
(54, A. Moldagulova Ave., 030000 Aktobe, Kazakhstan)
PhD Student
https://orcid.org/0000-0002-0703-3740. E-mail: aliya_sh83@mail.ru
*Corresponding author

[2]K. Zhubanov Aktobe Regional University
(54, A. Moldagulova Ave., 030000 Aktobe, Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, Vice-Rector for Science and Innovation.
https://orcid.org/0000-0002-1033-9660. E-mail: r.beknazarov@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023
© Shalmanova A., Beknazarov R., 2023

**Abstract.** *Introduction.* In the proposed scientific article, based on field research materials and statistical data, the current state of the Kazakh ethnic group in Mongolia is considered. In foreign and domestic historiography, there is agreement on the settlement of Kazakhs in Mongolia and mainly indicate that the migration of the tribes of the Middle Zhuz Kerey, Naiman, Uak lasted until the second half of the XIX – early XX centuries. *Goals and objectives.* The purpose of the article is to review the current demographic, ethno-cultural and socio-economic development of Kazakhs in Mongolia. Therefore, the task is to compare the studies conducted in 2007, 2008, 2013 with the surveys of 2023. *Results.* According to the 1989 census, 2, 116 thousand people lived in Mongolia. Of these, 120,500 Kazakhs, the population of Mongolia according to the 2020 census was 3,174,565 people. The number of Kazakhs was 120,999 people. *Conclusion.* According to the field materials of 2023, the welfare of Kazakhs in Mongolia has significantly increased compared to 2007, 2008, 2013.
This is due to the fact that Kazakhs are moving out of the country. Every year the number of young people connecting their future with the Republic of Kazakhstan is growing.
**Keywords:** Mongolia, Kazakh ethnic group, socio-economic situation, demographic situation
**For citation:** Shalmanova A., Beknazarov R. Kazakhs in Mongolia: a general overview of the ethnocultural, demographic and socio-economic development // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 10. No. 4. Pp. 843–855. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_4_843-855

# МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАР: ЭТНОМӘДЕНИ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ

*Шалманова Әлия Бақытжанқызы[1*], Бекназаров Рахым Ағыбайұлы[2]*

[1]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
(54-үй, Ә. Молдағұлова даңғ., 030000 Ақтөбе, Қазақстан)
PhD докторант
https://orcid.org/0000-0002-0703-3740. E-mail: aliya_sh83@mail.ru
*Автор-корреспондент

[2]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
(54-үй, Ә. Молдағұлова даңғ., 030000 Ақтөбе, Қазақстан)
Тарих ғылымдарының докторы, доцент, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор
https://orcid.org/0000-0002-1033-9660. E-mail: r.beknazarov@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2023
© Шалманова Ә.Б., Бекназаров Р.А., 2023

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Ұсынылып отырған ғылыми мақалада далалық зерттеу материалдары мен статистикалық мәліметтер негізінде Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қазіргі кездегі жағдайы қарастырылған. Моңғолиядағы қазақтардың тарихы туралы бірқатар зерттеулер жүргізіліп, еңбектер де жарыққа шықты. Шетелдік және отандық тарихнамада Моңғолияға қазақтардың қоныстануы жөнінде пікірлер бір ойға тоғысады және негізінен Орта жүздің керей, найман, уақ руларының көші XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басына дейін жалғасқандығын көрсетеді. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері.* Мақаланың мақсаты Моңғолиядағы қазақтардың қазіргі таңдағы демографиялық, этномәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуына шолу жасау болып табылады. Сол себепті 2023 ж. зерттеулерді 2007, 2008, 2013 жж. жинаған материалдармен салыстыру міндеті қойылды. *Нәтижелер.* 1989 ж. жалпы халықтық санақ мәліметіне сәйкес Моңғолияда 2,116 мың адам мекендеді. Оның ішінде 120500 қазақ болды, 2020 жылғы санақ бойынша Моңғолия халқының саны 3 174 565 болды. Ал қазақтардың саны 120 999 құрады. Байқап отырғанымыздай 21 жыл ішінде сандық көрсеткіште айтарлықтай өзгеріс жоқ. Алайда қазақ этникалық тобының өсімі жоғары болса да статистикалық көрсеткіште аз болуына олардың Қазақстанға қоныс аударуы себеп болып отыр. Жастар болашағын тарихи отанымен байланыстырады. Қазақ көп шоғырланған Баян-Өлгий және Ховд аймақтарында табиғи байлықтар толық игерілмеген, өндіріс аз дамыған, темір жол жоқ, бірақ аймақ орталықтарында әуежай бар. Баян-Өлгий аймағы ішінде асфальтты жол болмаса да автокөлік байланысы жақсы дамыған. Табиғат өзінің бастапқы түрінде сақталған және дәстүрлі жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысуына байланысты қазақтардың сақталған тұрмыс-салты шетелдік туристтердің және фотографтардың көптеп елге ағылуына себепші екені сөзсіз. Экономиканың негізгі көзі мал шаруашылығы. Алайда мал басы жайылым сыйымдылығынан асады, көп жерлер жауын-шашынның болмауынан шөлейтті жерге айналуда. *Қорытынды.* Қорытындылай келгенде, 2007, 2008, 2013 жж. Моңғолиядағы қазақтардың әл-ауқаты 2023 ж салыстырғанда біршама өскенін байқауға болады. Мал санының қарқынды өсуіне кедергі болатын жұт салдары, жыл сайын жайылымның азаюы, жастардың мал бағуға ынтасының болмауы, дәстүрлі жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын отбасылар санының қысқаруына әкелді. Бірақ Моңғолияның керемет табиғатын, халықтың дәстүрлі-тұрмыстық мәдениетін, қолөнерін тамашалау үшін туристердің көп келуі елдегі туризм саласының дамуына, соның ішінде Баян-Өлгий аймағының экономикасының дамуына оңды ықпал етуде.

Сонымен бірге демографиялық өсімі жоғары болғанымен 1989–2023 жж. аралығында Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының саны көбеймеді. Себебі қазақтардың елден көшуі жиіледі. Жыл сайын болашағын Қазақстан Республикасымен байланыстыратын, елден көшуге ниетті жастар саны артып келеді.
**Түйін сөздер:** Моңғолия, қазақ этникалық тобы, әлеуметтік-экономикалық ахуал, демографиялық жағдай
**Дәйексөз үшін:** Шалманова Ә.Б., Бекназаров Р.А. Моңғолиядағы қазақтар: этномәдени, демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуына жалпы шолу // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 4. 843–855 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_4_843-855

# КАЗАХИ В МОНГОЛИИ: ОБЩИЙ ОБЗОР ЭТНОКУЛЬТУРНОГО, ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

*Шалманова Алия Бакитжановна[1*], Бекназаров Рахым Агибаевич[2]*

[1]Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова
(д. 54, пр. А.Молдагуловой, 030000 Актобе, Казахстан)
Докторант PhD
https://orcid.org/0000-0002-0703-3740. E-mail: aliya_sh83@mail.ru
* Корреспондирующий автор

[2]Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова
(д. 54, пр. А.Молдагуловой, 030000 Актобе, Казахстан)
Доктор исторических наук, доцент, проректор по науке и инновациям
https://orcid.org/0000-0002-1033-9660. E-mail: r.beknazarov@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Шалманова А.Б., Бекназаров Р.А., 2023

**Аннотация.** *Введение.* В предлагаемой научной статье на основе материалов полевых исследований и статистических данных рассматривается современное состояние казахской этнической группы в Монголии.  В зарубежной и отечественной историографии о заселении казахов в Монголию сходятся во мнениях и в основном свидетельствуют о том, что миграция племен Среднего жуза керей, найман, уак продолжалась до второй половины XIX – начала XX вв. *Цель и задачи исследования.* Целью статьи является обзор современного демографического, этнокультурного и социально-экономического развития казахов в Монголии. Поэтому ставится задача сравнить исследования, проведенные в 2007, 2008, 2013 гг. с изысканиями 2023 г. *Результаты.* По данным переписи населения 1989 года, в Монголии проживало 2,116 тыс. человек. Из них 120 500 казахов, численность населения Монголии по переписи 2020 года составила 3 174 565 человек. Количество казахов составило 120 999 человек. Как мы видим, за 21 год в количественном показателе существенных изменений нет. *ывод.* По полевым материалам 2023 года благосостояние казахов в Монголии значительно повысилось по сравнению с 2007, 2008, 2013 гг. Несмотря на высокий демографический рост в 1989–2023 гг. численность казахской этнической группы в Монголии не увеличилась. Это связано с тем, что казахи переезжают из страны. С каждым годом растет число молодых людей, связывающих свое будущее с Республикой Казахстан, желающих переехать из страны.
**Ключевые слова:** Монголия, казахская этническая группа, социально-экономическое положение, демографическая ситуация

**Для цитирования:** Шалманова А.Б., Бекназаров Р.А. Казахи в Монголии: общий обзор этнокультурного, демографического и социально-экономического развития // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 10. № 4. С. 843–855. (На каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_4_843-855

**Кіріспе**

Моңғолиядағы қазақтардың тарихы туралы бірқатар зерттеулер жүргізіліп, еңбектер де жарық шыққанын атап өту қажет. Шетелдік және отандық тарихнамада Моңғолияға қазақтардың қоныстануы жөнінде пікірлер бір ойға тоғысады және негізінен Орта жүздің керей, найман, уақ руларының көші XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басына дейін жалғасқандығын көрсетеді (Хабышұлы, 1980, Сарай, 1991, Қинаятұлы, 1995, Мұхамадиұлы, 1997, Қинаят, 2001, Қинаят, 2007, Қозғамбаева, Қалыш 2014). Алайда қазақ этникалық тобының қазіргі жағдайы туралы еңбектер жоқ. Мақалада 2007 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі, яғни 16 жыл ішінде болған өзгерістер ресми мәліметтермен қоса далалық ізденіс барысында алынған деректермен сипатталады.

Мақаланың мақсаты Моңғолиядағы қазақтардың қазіргі таңдағы демографиялық, этномәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуына шолу жасау болып табылады.

Моңғолиядағы этникалық қазақтардың көп бөлігі XIX ғ. екінші жартысында – XX ғ. бірінші жартысында саяси оқиғалардың салдарынан қоныс аударған Орта жүздің керей тайпасының (абақ керей), уақ, найман руының өкілдері болып табылады (Хабышұлы, 1980, Сарай, 1991, Қинаятұлы, 1995, Мухамадиұлы, 1997, Қинаятұлы, 2001, Қинаятұлы, 2007, Қозғамбаева, Қалыш 2014). Абақ керейдің бір тобының Алтайдың теріскей бетіне, Моңғолия еліне қоныс аударуы жобамен 1860-шы жж. басталып 1912–1914 жж. дейін жалғасқан (Қинаятұлы, 1995: 45, Қинаятұлы, 2001: 69) және «ең бір шешуші себебі – малына жайлы жер, жанына жайлы қоныс іздеушілік...» деген қорытындыға келеді тарихшы Қинаятұлы З. (Қинаятұлы, 2007: 121).

Керей тайпасы екі руға бөлінеді: ашамайлы және абақ. Абақ керей өз кезегінде 12 топқа жіктеледі. Моңғолияда негізінен абақ керейдің жантекей, шеруші, жәдік, шұбарайғыр, қаракас, молқы рулары мекендейді (Қинаятұлы, 1995: 22). Моңғолиядағы қазақтардың бір бөлігін құрайтын наймандар мұнда 1914–1917 жж. Марқакөл мен Зайсаннан Шүй арқылы қоныс аударған (Хабышұлы, 1980; Сарай, 1991; Қинаятұлы, 1995; Мұхамадиұлы, 1997; Қинаятұлы, 2001; Қинаятұлы, 2007; Қозғамбаева, Қалыш, 2014).

Тарихшы З.Қинаятұлының пайымдауынша, наймандар моңғол жеріне екі түрлі тағдырмен тоғысты және олардың саны аз болды. Біріншісі, «найманның Байжігіт, Бура, Шимойын тобы жоғарыда айтылған тағдыр тоғысымен Абақ керей ауылдарымен бірге 1860–1870 жж. Алтайдың күн бетінен мұнда келген. Екіншісі, 1916 ж. бірінші дүниежүзілік соғыстың қосалқы жұмысына жігіт беруден бас тартып, орыстың ұлы мәртебелісінің жарлығына қарсы шыққаны үшін жәбір көріп, әуелі Алтайдың күн бетіне асып, 1919–1920 ж. Қобда бетіне келіп орналасқан наймандар... Аталмыш процесс 1870-ші жж. басталып, 1930 жж. басында аяқталған» (Қинаятұлы, 1995: 46, Қинаятұлы, 2001: 73).

**Материалдар мен әдістер**

Мақаланы жазу барысында Моңғолиядағы қазақтардың тарихы туралы жарияланған еңбектер, негізгі дерек ретінде Моңғолия аумағында 2007 ж., 2008 ж., 2013 ж., 2023 ж. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының этнология бөлімінің Моңғолия кешенді экспедициясының (жетекшісі т.ғ.д., профессор С.Е. Әжіғали) құрамында жүргізілген зерттеу жұмыстарының материалдары және ресми статистикалық мәліметтер қолданылды. Зерттеулер жылдың төрт мезгілінде Баян-Өлгий, Ховд аймақтарында, Ұланбатор қ., Төв (Угталцайдам сұмыны, Налайх қ.), Дархан-Уул (Шарынгол, Хонгор сұмындары), Хэнтий (Шандығын сұмыны, Бэрх қ.) аймақтарында, яғни Моңғолияның батыс, солтүстік, орталық, және шығыс аумақтарында жүргізілді.

Моңғолия кешенді экспедициясының ең маңызды зерттеу бағыттарының бірі қазақтарды этномәдени және этносоциологиялық зерттеу болып табылды. Этносоциологиялық зерттеулер өткізу үшін елдімекендердегі қазақтардың үлес салмағы назарға алынды.

Моңғолиядағы қазақ этникалық тобын зерттеу барысында белгілі бір өзгерістерді анықтауға мүмкіндік беретін тарихи-хронологиялық, тарихи салыстырмалы, бақылау әдістері, контент-талдау, сұхбат, сауалнама қолданылды. Жоғарыда аталған әдістермен қатар ауылдық елді мекенге паспорт жасалды. Үйді аралау, әкімдіктерге, мектептерге, интернаттарға, кітапханаларға және т.б. мекемелерге барып, басшылығымен қатар, қызметкерлерімен сұхбаттасу нәтижесінде зерттеу үшін үлкен материал жиналды.

Моңғолия аумағында зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін біз екі бағытты таңдадық: қазақтардың көпшілігі тұратын Баян-Өлгий және Ховд аймақтары. Іріктеменің негізі халық саны мен олардың этникалық құрамы туралы статистикалық мәліметтер болды. Сондай-ақ, бұл екі аймақ бір-бірінен табиғи-климаттық жағдайлармен ерекшеленеді, бұл жүргізілетін шаруашылық түріне әсер етеді.

**Талқылау**

Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының көп бөлігі мекендейтін Баян-Өлгий аймағы елдегі 19 аймақтарының бірі болып табылады. Солтүстік-шығысында Убсунур, оңтүстік-шығысында Ховд аймақтарымен, солтүстігінде Ресеймен, оңтүстік және оңтүстік-шығысында Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Баян-Өлгий аймағының территориясы 45704,9 км$^2$ құрайды. Аймақтың барлық аумағын дерлік биіктігі 3000–4000 м дейін жететін Алтай таулары алып жатыр. Бұл аймақтың ауа-райы құрғақ, құбылмалы болып табылады. Табиғи-климаттық жағдайларға байланысты мұнда жартылай көшпелі мал шаруашылығы дамыған. Ақсу, Шегіртай, Жалғыз ағаш, Білеу, Теректі, Бөрті шипалы сулары бар.

Халықтың тығыздығы 1 км$^2$ 1,98 адамды құрайды. Аймақ 1940 ж. негізі қаланды. Әкімшілік жағынан аймақ сұмын–баг–бригад болып бөлінеді. Баян-Өлгий аймағының әкімшілік орталығы болып табылатын Өлгий қаласы ел астанасы Ұланбатордан 1760 км қашықтықта орналасқан. Аймақ 12 сұмыннан тұрады. Өлгий қаласына ең жақын сұмын – Бугат (5 км), одан кейін Сагсай – 27 км, Алтанцөгц – 45–50 км, Улаанхус – 56 км, Буянт – 72 км, Толбо – 80 км, Цэнгэл – 87 км, Алтай – 112 км, Баяннуур – 120 км, Ногооннуур – 120 км, Дэлүүн – 150 км, ең шалғай орналасқан Булган сұмынына дейін ара қашықтық 294 км құрайды (Құрманбайұлы, Рахметұлы, 2007: 238).

Моңғолия қазақтарының шамамен 10 %-і Баян-Өлгий аймағына іргелес Ховд аймағында тұрады. Аймақтың жалпы ауданы 7 606 038 га құрайды. Ховд аймағы табиғи-климаттық жағдайлары бойынша ауа-райы жұмсақ. Бұл облыстың тұрғындары жартылай көшпелі мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де айналысады.

Ховд қаласында аймақтың туристік әлеуетін дамыту үшін маңызды халықаралық әуежай бар. Аймақта темір рудасы, қорғасын, көмір, бағалы тастар, химиялық және құрылыс шикізаты өндіріледі.

1950 жылдан бастап елдегі индустрияландыруға байланысты Баян-Өлгий аймағынан жұмыс күші жаңадан құрылған шахталарға және басқа да өндірістік орындарға жіберілді (Қинаятұлы, 2001: 204). Қоныс аударатын орындардың бірі Моңғолияның шығысындағы Хэнтий аймағының Батноров сұмынының аумағындағы Бэрх қаласы болды. 1950-жылдары КСРО геологтары кен орындарын зерттеп, қалада флюорит өндіретін шахта салынды. 2007 жылы қала тұрғындарының меншігіндегі мал саны шамамен 42000 басты құрады, алайда қала маңында мұндай малға жайылым жеткіліксіз болды. Тұрғындар негізінен шахтада, мемлекеттік мекемелерде жұмыс жасады. Ал аз ғана малын қырдағы туыстарына бақтыратын. 2013 жылы МонгКЭ барысында жүргізілген біздің есептеулеріміз бойынша бұл қалада 28 қазақ отбасы тұрды.

Налайх қаласында этникалық қазақтар 4-мөлтекауданда (төртінші хороолол) тұрады. Қаланың тұрақты тұрғындарының саны 28152 адамды құрайды (2008 ж. мәлімет бойынша). Қала

ел астанасы Уланбатордан оңтүстік-шығысқа қарай 35 км жерде орналасқан және оның 9 ауданының бірі болып табылады. Налайх қаласы 6 мөлтек ауданға бөлінген. Қала құраушы кәсіпорын көмір шахтасы болды, ол бастапқыда елордада салынып жатқан ЖЭО үшін жалғыз отын көзі болды. Бүгінгі күні көмір шахтасы көптеген шағын шахталарға бөлініп, мемлекет жеке тұлғаларға жалға берген. Шахта Уланбатор ЖЭО-1 және ЖЭО-2 көмірмен қамтамасыз етеді. Көмірдің қалған бөлігін әртүрлі өнеркәсіп және коммуналдық кәсіпорындар тұтынады (АДМ, 2013).

2008 ж. жүргізілген экспедиция кезінде қырдан бөлек кейбір сұмын орталықтарында да электрқуаты болмады немесе бірнеше сағатқа ғана қосылатын (мәселен, Толбо, Цэнгэл). Бұл елді мекендердің тұрғындары электр қуатымен қамтамасыз ететін негізгі көзі күн батареялары немесе шағын автономды бензин генераторларын қолданды (АДМ, 2008). Қазақстандық телеарналар «Ел арна», «Хабар», «Қазақстан», «КТК», «Хабар» Өлгий қаласында, басқа сұмындарда тек белгілі бір уақыттарда ғана көрсетілетін. Сонымен бірге ҚХР Шыңжаң қазақтарының телебағдарламаларын көретін (АДМ, 2013). 2023 ж. зерттеулерге сәйкес барлық сұмын орталықтары электрленген. Бірақ қырдағы тұрғындар қазір де күн энергиясын пайдаланады. Қазіргі кезеңде қазақ тіліндегі жаңалықтар мен бағдарламаларды шектеусіз карауға мүмкіндіктері бар.

Пошта бөлімдері барлық сұмын орталықтарында бар. 2008-жж. халық қазақстандық баспасөзді жаздырып алуға ынтасы болмады. Жүргізілген сауалнамада мұның себебі ретінде бағаның жоғары болуын айтатын. Сұмын және аймақ орталықтарында қаларалық және халықаралық телефон байланысы бар. Тіпті шалғай орналасқан барлық дерлік қырда (ауылдық мекенде) ұялы байланыс өте жақсы дамығандығын және байланыс жасаудың ең көп таралған түрі болып табылатынын атап өткен жөн. Интернет желісі де қол жетімді. Қазіргі таңда ақпараттың барлығын ұялы телефон арқылы ғаламтордан, Instagram және Моңғолияда ең көп қолданылатын Facebook әлеуметтік желілерінен алуда (АДМ, 2023).

**Нәтижелер**

1989 ж. жалпы халықтық санақ мәліметіне сәйкес Моңғолияда 2,116 мың адам мекендеді. Оның ішінде 120500 қазақ болды, оның 82750 Баян-Өлгий аймағында қоныстанған. Қалған 37750 қазақ басқа аймақтарда мекендеген (Қинаятұлы, 1995: 182–183). Уланбатор қаласындағы өндірістік комбинатқа, Налайх және Чоногол көмір шахталарына жұмысқа орналасуына байланысты қазақ отбасылары бұл қалаларда да қоныс тепкен (Мухамадиұлы, 1997: 59–60, Қинаятұлы, 2001: 204). Мәселен, Уланбаторда 9863 этникалық қазақ тұрды, Хэнтийде – 3655, Ховдта – 12814, Сэлэнгэде – 3229, Эрдэнэтте – 1336, Дарханда– 3116, Төв аймағында – 2167, Дорногов аймағында – 872, Увсте – 950, Дорнодте – 220, Завханда – 68, Архангайда – 90, Оворхангайда – 65, Ховсголде – 24, яғни Моңғолия тұрғындарының 5,9 % қазақтар құрады (Қинаятұлы, 1995: 182–183).

Этникалық қазақтарды Моңғолиядан көшіру 1991 жылдың көктемінде, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғанға дейін және этникалық қазақтарды репатриациялау жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді әзірлегенге дейін басталды.

«Қазақ КСР Еңбек министрлігінің деректері бойынша 1991 жылғы 10 шілдедегі жағдай бойынша Моңғолиядан 893 қазақ отбасы, оның ішінде 572 отбасы Талдықорған облысына, 221 отбасы Семей облысының Абралы ауданына, 47 отбасы Қостанай облысының Ленинград ауданына және 53 отбасы Алматы облысының Нарынкөл және Кеген аудандарының шаруашылықтарына көшіп келді. Барлық еңбекке қабілетті отбасы мүшелері негізінен жұмысқа орналастырылды. Осылайша, Талдықорған облысында 1 247 еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің 783-і жұмысқа орналастырылды, Қостанай облысында 115 еңбекке қабілетті адамның 105-і, Семей облысында 443 еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің 398-і жұмыспен қамтылды» (Балтабаева и др., 2015: 251).

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 18 қарашадағы «Ауылдық жерлерде, басқа республикалар мен шет елдерден жұмыс істеуге ниет білдірген жергілікті ұлт өкілдерін Қазақ КСР-не қоныстандыру тәртібі мен шарттары туралы» қаулысы бойынша қоныс аударумен бірге оларды тасымалдауды ұйымдастыру, қоныстандыру орындарына қабылдау және орналастыру жоспарланды. Осы қаулыда көшуге байланысты шығындарды өтеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, көшу орындарында тапсырған мал санына атаулы түбіртектерді көрсеткен кезде қоныстану орындарында мал беру, қандас-студенттерді жоғары, орта арнаулы және кәсіптік-техникалық оқу орындарына, жалпы білім беретін мектептерге қабылдау, мектепке дейінгі мекемелердегі балаларға орын беру, медициналық және емдік-профилактикалық қызмет көрсету көзделген (Қазақ көші, 2012: 18–19).

Алайда 1993–1996 жылдары әр түрлі себептерге байланысты Қазақстанға қоныс аударған 500-ге жуық отбасы кері оралды (Қиянаятұлы, 2007: 164).

Баян-Өлгий аймағының бұрынғы әкімі, Моңғолияның қазақ мәдениеті орталығының төрағасы Хабсаттар Омарұлының айтуынша, соңғы 18 жылда Қазақстаннан Моңғолияға 9 мыңнан астам адам, негізінен егде жастағы адамдар оралды (Балтабаева и др., 2015: 84).

Қазақстанға этникалық қазақтардың көшуі себепті 2000 ж. бүкілхалықтық санақ бойынша бұл елдегі қазақтардың сандық көрсеткіші 103,0 мыңға дейін төмендеді және жалпы халықтың 4,3 % қазақтар құрады. Сонымен бірге қазақтардың шығыс аймақтарға, әсіресе Уланбатор қаласына жаңа көші қарқын алды. Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес қазақтардың 6,3 % негізінен Уланбатор қаласында, Дархан-Уул, Төв, Селенгэ, Орхон, Хэнтий, Увс аймақтарында қоныстанды (2000 Population, 2001: 50–51). Ал 2010 ж. жалпы халықтық санақтың мәліметі бойынша, Моңғолия халқының саны 2 647 545 адамды құрады, оның ішінде 101526 адам қазақтар болды. Қазақ этникалық тобының 42 949 қалада тұрды, ал ауылдық жерде – 58 577. Қазақтардың көп бөлігі бұрынғыша Батыс аймақта қоныстанды, әсіресе Баян-Өлгий аймағында – 75,6 %, Ховдта – 8,9 %, Уланбаторда – 9,7 %, Дархан-Уулда – 2,4 %, Төвте – 0,9 %, Хэнтийде – 0,5 % және т.б. Әрбір отбасында орташа есеппен үш бала дүниеге келсе де он жыл ішінде қазақтар саны көбеймеді. Өйткені Қазақстанға көш толастамады. Экономикалық, отбасылық немесе басқа жағдайларға байланысты Моңғолияға кері көшіп келу үрдісі орын алса да, көп бөлігі Қазақстанда орнықты.

2013 ж. біз зерттеген елді мекендерде қазақтардың этникалық тобы азшылықты құрады. Далалық деректер бойынша Хонгорда 30-ға жуық қазақ отбасы, Шарынғолда (Дархан-Уул аймақ) – 300, Бэрхте – 28, Шандығында (Хэнтий аймақ) – 25, Налайхада – 1400-ден астам, Угтаалцайдамда (Төв аймақ) – 43-ке жуық отбасы тұрды (АДМ, 2013). 1950–1960 жылдардың ортасында Бэрх қаласында флюорит өндіру шахтасының құрылысына, Шарынғол, Шандығын қаласында көмір разрезін пайдалануға берілуіне, қаладағы көмір шахтасында жұмыс жасауына байланысты Налайх, Баян-Өлгий, Ховд аймақтарының кейбір қазақтары осы аймақтарға қоныс аударды, кәсіпорындарда және ауыл шаруашылығында жұмыс істеу үшін еңбек шарттары бойынша жұмысқа орналасты.

2020 жылғы санақ бойынша Моңғолия халқының саны 527 020-ға өсіп, 3 174 565 болды. Соның ішінде 83,8 % халхалар құрады. Ал қазақтардың үлес салмағы 3,8 % тең болды. Одан кейін Моңғолияда сан жағынан аз дөрвөд, баяд, бурят т.б. этникалық топтары мекендейді. Соңғы бүкілхалықтық санақ бойынша да қазақтардың 90 % жуығы Моңғолияның батыс бөлігінде мекендейтінін көрсетті (2020 Population, 2020: 222). Соның ішінде этникалық қазақтардың 77,7 % Баян-Өлгий аймағында шоғырланған немесе аймақ тұрғындарының 91 % – қазақтар, ал халха бұл аймақта тек 0,9 % құрайды. Сонымен бірге осы елдегі барлық қазақтардың 8,1 % Ховд аймағында орныққан. Бұл аймақ тұрғындарының 11,2 % тең. 2020 ж. санаққа сәйкес Уланбатор қаласында 8,7 % қазақтар тұрады, Дархан-Уул аймағында – 2,2 %, Сэлэнгэде – 0,8 %, Төвте – 0,8 %, Орхонда – 0,6 %, Хэнтийде – 0,5 %, Дорноговте – 0,1 %, Дорновта – 0,1 %, Умноговте – 0,1 %, Увсте – 0,1 %, Гобисумбэрде – 0,1 %, Хувсгулде – 0,1 %.

Жеке Баян-Өлгий аймағын алатын болсақ 2019 жылдың аяғында аймақтың жалпы халқы 103,9 мың адамды құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 143 адамға немесе 0,1 %-ға өсті. 1000 адамға шаққандағы туу коэффициенті 1,1 %, өлім-жітім коэффициенті 0,8 % құрады, халықтың әдеттегі таза өсімі – 0,3 %. Халықтың 35,3 % – 0–14 жасқа дейінгі балалар, 61,3 % – 15 пен 64 жас аралығындағы балалар, бұл жеткілікті еңбек ресурстарын көрсетеді, ал 3,4 % – 65 жастан асқан қарт адамдар болды. 4 балалы аналарға әр баласына 18 жасқа толғанша 100 мың тугрик жәрдемақы төленуі, зейнеткерлікке ерте шығу жеңілдігі халық өсіміне оңды ықпал етуде (Баян-Өлгий аймгийн, 2020: 4).

1-кесте. Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының Бүкілхалықтық санақ бойынша сандық көрсеткіші
[*Table 1.* Quantitative indicator of the Kazakh ethnic group in Mongolia according to the national census]

| | 2010 | | 2020 | |
|---|---|---|---|---|
| | Жалпы саны | % үлес салмағы | Жалпы саны | % үлес салмағы |
| Моңғолия халқы | 2 631 117 | 100 | 3 174 565 | 100 |
| Халха | 2 168 141 | 82,4 | 2 659 98 | 83,8 |
| Қазақ | 101 526 | 3,9 | 120 999 | 3,8 |
| Дөрвөд | 72 403 | 2,8 | 83 719 | 2,6 |

1-кестедегі мәліметтерден байқап отырғанымыздай, қазақтар саны 2010 ж. азайса, 2020 ж. айтарлықтай көбеймеді.

*2-кесте.* 2020 ж. жалпы халықтық санақ бойынша аймақтар мен астанада тұратын халықтың % үлес салмағы
[*Table 2.* % share of the population living in the regions and the capital according to the 2020 general population census]
(2020 Population, 2020:72)

| Аймақтар және астана | Моңғолия халқы | Халха | Қазақ | Дөрвөд | Буряд | Баяд |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Баян-Өлгий | 3,2 | 0,0 | 77,7 | 1,1 | 0,1 | 0,1 |
| Уланбатор | 45,6 | 49,7 | 8,7 | 34,3 | 37,5 | 33,9 |
| Ховд | 2,8 | 0,9 | 8,1 | 6,8 | 0,3 | 0,5 |
| Дархан-Ул | 3,2 | 3,2 | 2,2 | 4,8 | 1,7 | 6,5 |
| Сэлэнгэ | 3,4 | 3,5 | 0,8 | 1,3 | 1,1 | 2,0 |
| Тув | 2,9 | 3,3 | 0,8 | 1,3 | 1,1 | 2,0 |
| Хэнтий | 2,4 | 2,6 | 0,5 | 0,5 | 12,6 | 0,4 |
| Орхон | 3,3 | 3,5 | 0,6 | 2,8 | 1,4 | 2,9 |
| Дорногов | 2,2 | 2,5 | 0,1 | 0,4 | 0,5 | 0,2 |
| Дорнод | 2,6 | 2,2 | 0,1 | 0,6 | 38,7 | 0,8 |
| Умнугов | 2,2 | 2,5 | 0,1 | 0,2 | 0,3 | 0,2 |
| Увс | 2,6 | 0,4 | 0,1 | 41,8 | 0,1 | 44,3 |
| Хувсгул | 4,2 | 3,8 | 0,1 | 0,2 | 1,9 | 0,2 |
| Говисумбер | 0,5 | 0,6 | 0,1 | 0,2 | 0,1 | 0,4 |

*3-кесте.* Жас ерекшелігі бойынша проценттік үлес салмағы
[*Table 3.* Percentage specific weight by age]
(2020 Population, 2020: 53)

| | Барлығы (%) | 0–14 | 15–24 | 25–34 | 35–44 | 45–54 | 55+ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Халха | 100 | 32,4 | 13,6 | 17,1 | 14,3 | 11,0 | 11,6 |
| Қазақ | 100 | 35,9 | 17,1 | 16,7 | 12,2 | 9,1 | 9,0 |
| Дөрвөд | 100 | 29,8 | 14,5 | 17,8 | 14,1 | 11,9 | 11,9 |
| Буряд | 100 | 29,6 | 14,4 | 17,7 | 13,9 | 11,7 | 12,7 |
| Баяд | 100 | 27,4 | 11,8 | 17,4 | 14,4 | 12,0 | 17,0 |

Баян-Өлгий аймағынан Қазақстанға 2015 жылы 822 адам көшкен, 2016 ж. – 2124, 2017 ж. –

405 (Баян-Өлгий аймгийн, 2020:17). COVID-19 ға байланысты пандемия жылдары шекара жабылып, көш тоқтады. Алайда 2023 ж. жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақтардың 2022–2023 жж. Қазақстанға көптеп көшуін және әсіресе жастардың қоныс аударуына ниетті екенін көрсетті. Негізінен қазақтар Павлодар, Қарағанды, Астана қалалары мен маңына көптеп көшіп барады. Себебі географиялық орналасуы жағынан Баян-Өлгийге жақын. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша, 1991 ж. бастап Қазақстанға 1 123,2 мың, ал 2023 ж. 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша, 16026 қандас елге оралған. Биыл оралған этникалық қазақтардың 10,9 % Моңғолиядан келген. Қандастардың 61,4 % – жұмысқа қабілетті жастағылар, олардың ішінде 15,6 % – жоғары білімді, 34,4 % – орта арнаулы білімі бар, 41,2 % – орта білімді. 30 % – жұмысқа қабілетті жастан кіші және 8,5 % – зейнеткерлер (1 123 200 этнических казахов).

Қазақ этникалық тобының 42 % қалада, ал 58 % ауылдық жерде мекендейді. Саны жағынан ең көп халхалардың 70,8 % қалада, ал қалған 29,2 % ауылда тұрады.

Сұмын немесе аймақ орталықтарында негізінен мемлекеттік мекемелерде, қаржы ұйымдарында жұмыс жасайтын, бизнес саласында табыс табатын немесе ұсақ сауда-саттықпен айналысатын және жұт кезінде малынан айырылған отбасылар тұрады. 2008, 2013 жж. қазақтар әл-ауқатын малмен есептеді. 2007, 2008, 2013 жылдардағы сұхбат мәліметтерін биылғы алынған мағлұматпен салыстырсақ, жастар мал шаруашылығынан алыстап, білім қуып, қалалық жерлерде мекендегенді таңдайтынын байқатты. Тіпті ата-аналары да балаларына ақылы түрде болса да жоғары немесе тым болмаса орта-арнаулы білім алуға жағдай жасауға ұмтылысын көрсетті.

2020 жылғы зерттеу бойынша қазақтардың ішінде жоғары білімді – 21,2 %, орта арнаулы білімді – 3,2 %, техникалық және кәсіби білімді – 3,9 %, орта білімді – 22,3 %, аяқталмаған орта білімді – 21,7 %, бастауыш білім алған – 20,4 %, сауат ашпаған – 7,0 % құрады (2020 Population, 2020: 56). Қазіргі уақытта сұралғандардың пікірінше, техникалық мамандықтар сұранысқа ие мамандықтар болып саналады.

Экономикалық қызмет түрлерінің салалық жіктелуі бойынша қазақтардың 41,9 % – ауыл шаруашылығы, орман немесе балық шаруашылығында, 2,3 % – тау-кен өндірісінде, 4,4 % – өндіріс орындарында, 1,3 % – электр қуатымен, газбен жабдықтау саласында, 0,4 % – сумен жабдықтау; қалдықтарды кәдеге жарату және қалпына келтіру саласында, 2,6 % – құрылыста, 7 % – көтерме және бөлшек саудада; автокөлік, мотоциклдер жөндеу саласында жұмыс жасайды (2020 Population, 2020: 227).

Сонымен бірге тасымалдау және сақтау саласында – 2 %, орналастыру қызметтері және тамақтану – 0,8 %, ақпарат және байланыс – 0,9 %, қаржылық және сақтандыру қызметі – 1,8 %, жылжымайтын мүлік саласындағы қызмет – 0,1 %, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет – 1,4 %, әкімшілік және көмекші қызметтер – 1,2 % (2020 Population, 2020: 228).

Ал мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз етуде – 8,1 %, білім саласында – 15,6 %, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет саласындағы қызметте – 5,3 %, өнер, ойын-сауық және демалыс ұйымдастыру бағытында– 0,7 %, сервистік қызметтің басқа түрлерінде – 1,9 %, экстерриториялық қызмет ұйымдар мен органдар 0,1 % қазақтар қызмет етеді (2020 Population, 2020: 229).

Ховд және Баян-Өлгий аймақтарында өндіріс аз дамыған, темір жол жоқ, бірақ аймақ орталықтарында әуежай бар. 2022 ж. салынып біткен Ресей Федерациясын Қытай Халық Республикасымен байланыстыратын асфальтті тас жолы Баян-Өлгийден Ховд аймағы арқылы өтеді. Шалғай орналасқан астанасы Уланбаторға асфальтты жол болуынан жолға жұмсалатын уақыт та қысқарды. Бұл әрине екі аймақ тұрғындарына үлкен жеңілдік әкелді. Баян-Өлгий аймағы ішінде асфальтты жол болмаса да автокөлік байланысы жақсы дамыған. Табиғат өзінің бастапқы түрінде сақталған, табиғи байлықтары толық игерілмеген, мал басы жайылым сыйымдылығынан асады, көп жерлер жауын-шашынның болмауынан шөлейтті жерге айналуда.

Сауалнамаға қатысқан 100 Моңғолия қазақтары өз жерін тыныш (50 %), тұрғын үйге ыңғайлы (17,5 %), әдемі (17 %), бай (9 %), Отан, таныс орта (4,5 %), экономикалық, географиялық

тұрғыдан 2 % тиімсіз деп санайды.

Моңғолия экономикасының негізгі саласы мал шаруашылығы болып табылады. Мал өнімдерін сату және өңдеу дамып келеді. Баян-Өлгий тұрғындарының айтуынша, 2015–2016 жж. экономикалық жағдай жақсарып, аймақ орталығында 2 қабатты көп үйлер салынды. Соңғы жылдары халықтың әл-ауқаты төмендеп, Қазақстанға көшу көбейді.

2019 ж. статистикалық мәліметке сәйкес Баян-Өлгий аймағында 2 192 764 мал саналды, оның ішінде 5913 түйе, 99020 жылқы, 158582 ірі қара, 995904 қой, 933345 ешкі құрады (Баян-Өлгий, 2020: 4).

*4-кесте.* Баян-Өлгий аймағындағы мал басы
[*Table 4.* The number of cattle in the Bayan-Olgiy aimag]
(Баян-Өлгий аймгийн, 2020: 7)

| жылдар | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|---|
| жалпы мал басы (мың) | 2167,4 | 2226,1 | 2166,9 | 2192,7 |
| түйе | 4,9 | 5,3 | 5,7 | 5,9 |
| жылқы | 85,6 | 93,4 | 95,3 | 99,0 |
| ірі қара | 155,6 | 161,0 | 155,9 | 158,6 |
| қой | 937,7 | 995,2 | 979,6 | 995,9 |
| ешкі | 983,3 | 971,2 | 930,4 | 933,3 |

5-кесте. Ховд аймағындағы мал басы []
[*Table 5.* The number of cattle in the Khov aimag]
(Ховд аймгийн, 2019: 5)

| жылдар | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|---|
| жалпы мал басы (мың) | 3280,6 | 3446,6 | 3146,4 | 3084,3 |
| түйе | 23,9 | 25,7 | 25,4 | 25,8 |
| жылқы | 122,7 | 132,1 | 128,5 | 128,5 |
| ірі қара | 182,1 | 200,5 | 193,6 | 187,1 |
| қой | 1098,9 | 1266,0 | 1323,6 | 1174,2 |
| ешкі | 1685,8 | 1764,8 | 1624,6 | 1631,3 |

2016–2019 жж. мал басының санағы нәтижелеріне сәйкес, Баян-Өлгий және Ховд аймағындағы мал басы өспегенін байқаймыз (4,5-кестелер). Себебі соңғы жылдардағы жұт салдарынан мал көптеп қырылды және малшылардың әл-ауқатының төмендеуіне әсер етті. Нәтижесінде Хов аймағында малшылар саны азайды. Мәселен, 2018 ж. малшы саны 7863, ал 2019 ж. 7659 болды, яғни 204 азайды. Төрт түлік малдың ішінде ұсақ мал басы ең көп. Соның ішінде ешкілердің санын көбейтуге тырысады. Өйткені ешкі түбітінің бағасы жоғары. 2018 ж. қорытындысы бойынша 1624,6 мың бас ешкінің төлін есептемегендегі 1 188,4 мың ешкіден жылына орта есеппен 365 тонна түбіт алынды, бұдан 16,7 миллиард тугрик табыс тапты, ал 1 кіші шопанның орташа табысы 2,1 миллион тугрикті құрады (Ховд аймгийн, 2019. 48). 2023 ж. мәлімет бойынша, 1 кг түбіт бағасы 130 000 тугрикке тең. Мал және сүт өнімдерінің бағасы да өскен. Марқа 150 000 тугрик, үлкен қойлар 250–350 мың, семіз жылқы бағасы 1,5–2 млн, сиыр 1 млн тугрик, бұзаулы сиыр 1,5 млн тугрик тұрады. 1 кг құрт 45–50 мың тугрик, 1 кг май 60–70 мың тугрик тұрады.

Ховд аймағында ауа-райының жұмсақ болуына байланысты мұнда жер шаруашылығы дамыған. 2018 ж. қорытындысы бойынша Ховд аймағында 2242,4 гектардан 22,8 мың тонна өнім жиналды, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 1,8 мың тоннаға артық. 2019 ж. Аймақтың негізгі ауылшаруашылық аудандары – Булган, Буянт, Мангад, Уенч және Ховд сұмындарында шөптің 81,5% жиналды. 1 гектардан 16,5 ц дәнді дақылдар, 132,3 ц қызанақ, 124,7 ц көкөніс және 43,3 ц жемшөп дақылдары жиналды. Сонымен бірге аймақта 62,89 тонна жеміс өсірілді, оның ішінде 36,4 тонна жидек, 5,3 тонна қарақат, 4,2 тонна ранетка, 16,63 тонна алма (Ховд аймгийн, 2020:

34). Жемістермен және көкөністермен Баян-Өлгий және іргелес басқа да аймақтармен қоса Уланбатыр қаласының тұрғындары қамтамасыз етіледі. Қашаға көкөніс егетін үйлер санаулы, қауын, картоп, сәбіз, қарбыз, қызылша, шалғам, қырыққабат т.б. егістікке трактормен егіледі (АДМ, 2023).

*6-кесте.* Баян-Өлгий аймағындағы үй шаруашылықтарының саны, мал шаруашылығы
[*Table 6.* Number of households in the Bayan-Olgiy aimag, animal husbandry ]

| Жылдар | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|---|
| Үй шаруашылығының жалпы саны | 23322 | 23626 | 24306 | 24327 |
| Мал шаруашылығы | 8888 | 9261 | 8728 | 8703 |

(Баян-Өлгий аймгийн, 2020: 52)

6-кестедегі көрсеткішке сәйкес аймақтағы малшылардың да саны азайғандығы көрінеді. Сұхбат барысында жұттың кесірінен малшылар малдарынан айырылып, көңілдері түсіп, сұмын, аймақ орталықтарына көшуге мәжбүр болғандығын мәлімдеді. Тіпті Қазақстанға көшу үшін бар малын сатқандар да бар.

2008, 2013 жылдармен салыстырғанда 2023 ж. далалық мәліметтерге сәйкес малдарын туыстарына тегін бақтыратындардың саны кеміді. Сұмын немесе аймақ орталығында тұратын отбасылар көктем, жаз, күз мезгілінде малшыларға ақысына мал бақтырып, қыста өз қашаларында шөп, жеммен өсіретін болды.

Туризмнің қарқынды дамуы Моңғолия экономикасына оңды ықпал етуде. Мәселен, мамыр айынан бастап Моңғолияға туристер көптеп келеді. Жұмыссыздық көрсеткішінің жоғаруы болуына қарамастан, халықтың негізгі табыс көзі Ховд аймағы қазақтарының көкөніс, жем-шөп сатудан, Баян-Өлгий тұрғындарының мал өнімдерін сатудан, туризмнен түсетін қаражат болып табылады. Негізінен туристтер Жапония, Оңтүстік Корея, Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-нан көптеп келеді. Туристерді өлкенің тамаша табиғаты және жыл сайын 11 шілдеде Біртұтас Моңғол империясының құрылуына байланысты Наадам ұлттық мерекесіне орай арнайы барлық аймақтарда ұйымдастырылатын мерекелік көріністер қызықтырады. Жан жақтан туристер мен фотографтар моңғол балуандарының күресін, садақ ату, бәйгені тамашалау үшін келеді. Сонымен бірге жыл сайын Баян-Өлгий аймағында 17–18 қыркүйекте және 30 қыркүйек – 1 қазан аралықтарында 40-қа жуық бүркіштілердің қатысуымен екі кішігірім, сондай-ақ 5–6 қазанда (демалыс күндеріне сәйкестендіріп, қазанның алғашқы күндері) үлкен шоу қойылым ретінде Моңғолия бүркітшілер қауымдастығы ұйымдастыруымен «Golden Eagle» Моңғолия бүркітшілер фестивалі өткізіледі. Мұнда қазақтардың материалдық және материалдық емес мәдениеті әлемге таныстырылып, насихатталады. Ою-өрнектермен безендірілген ұлттық киімдерін киген 100-ге жуық қазақ саятшылар, ат үстінде бүркіттерімен аңға шығуы, түйе немесе ат жарысы, қыз қуу, көкпар, теңге ілу т.б. ұлттық ойындары ұйымдастырылады. Туристтерге ұлттық тағамдар ұсынылып, қолөнер бұйымдары сатылады. Қазақ киіз үйі қонақүй ретінде қолданылады.

**Қорытынды**

Қорытындылай келгенде, 2007, 2008, 2013 жж. Моңғолиядағы қазақтардың әл-ауқаты 2023 ж. салыстырғанда біршама өскенін байқауға болады. Мал санының қарқынды өсуіне кедергі болатын жұт салдары, жыл сайын жайылымның азаюы, жастардың мал бағуға ынтасының болмауы, дәстүрлі жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын отбасылардың қысқаруына әкелді. Бірақ Моңғолияның керемет табиғатын, халықтың дәстүрлі-тұрмыстық мәдениетін, қолөнерін тамашалау үшін туристердің көп келуі елдегі туризм саласының дамуына, соның ішінде Баян-Өлгий аймағының экономикасының дамуына оңды ықпал етуде.

Сонымен бірге демографиялық өсімі жоғары болғанымен 1989–2023 жж. аралығында Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының саны көбеймеді. Себебі қазақтардың елден көшуі

жиіледі. Жыл сайын болашағын Қазақстан Республикасымен байланыстыратын, елден көшуге ниетті жастар саны артып келеді.

**Sources**

Field materials of the author. MongKE — 2007
Field materials of the author. MongKE — 2008, spring
Field materials of the author. MongKE — 2008, summer
Field materials of the author. MongKE — 2013
Field materials of the author. MongKE — 2023

**Деректер**

Автордың далалық материалдары. МонгКЭ — 2007
Автордың далалық материалдары. МонгКЭ — 2008, көктем
Автордың далалық материалдары. МонгКЭ — 2008, жаз
Автордың далалық материалдары. МонгКЭ — 2013
Автордың далалық материалдары. МонгКЭ — 2023

**References**

Bajan-Olgij ajmgijn, 2020 — *Bajan-Olgij ajmgijn* 2019 ony jedijn zasag, nijgmijn hogzhlijn statistikijn jemhjetgjel [2019 economic and Social Development statistics bulletin of Bayan-Ulgii province]. Olgij, 2020. 92 p. (In Mong.)

Baltabaeva etc., 2015 — *Baltabaeva K.N., Mamashev T.A., Ermekbay Zh.A., Baimagambetova A.Zh.* Kazahskaja diaspora i repatriacija (1991–2012): Monografija [Kazakh Diaspora and repatriation (1991–2012): Monograph] Almaty: Eltanym, 2015. 568 p. 12 fig. (In Russ.)

Baltabaeva K.N., 2012 — *Baltabaeva K.N.* Kazaq koshi – qazaqtyn qauymdasuy: Kazakstan Respublikasy Prezidenti Muragatynyn qorynan quzhattar zhinagy (Duniezhuzi kazaktary kauymdastygynyn 20 zhyldygyna arnalgan) = Repatriacija kazahov – konsolidacija naroda. Sbornik dokum. Arhiva Prezidenta Respubliki Kazahstan k 20-letiju Vsemirnoj Associacii kazahov) [Kazakh migration - Kazakh Association: collection of documents from the archive of the president of the Republic of Kazakhstan (dedicated to the 20th anniversary of the World Association of Kazakhs] Almaty: Duniezhuzi kazakqtary kauymdastygy «Atazhurt» baspa ortalygy, 2012. 352 p. (In Kaz., In Russ.)

Habyshuly, 1980 — *Habyshuly I.* Mongolija kazaktarynyn tarihy [History of the Kazakhs of Mongolia] Olgij, 1980. 244 p. (In Kaz.)

Hovd ajmgijn, 2019 — *Hovd ajmgijn* 2019 ony nijgjem jedijn zasgijn tanilcuulga [Socio-economic profile of Khovd province 2019] Hovd, 2019. 61 p. (In Mong.)

Hun, 2001 — *Hun* Am, oron suucny 2000 ony ulsyn toollogo: Bajan-Olgij ajmgijn toollogyn dun. [National census of Population and housing 2000: census results from the Bajan-Olgij aimag] Ulaanbaatar, 2001. 70 p. (In Mong.)

Hun, 2011 — *Hun* Am, oron suucny 2010 ony ulsyn toollogo [Population and housing at the 2010 national census]. Ulaanbaatar, 2011. 274 p. (In Mong.)

Kinajatuly, 1995 — *Kinajatuly Z.* Zhylagan zhyldar shezhiresi [Chronicle of the Weeping years] Almaty: Merej, 1995. 298 p. (In Kaz.)

Kinajatuly, 2001 — *Kinajatuly Z.* Mongolijadagy kazaktar [Kazakhs in Mongolia] Almaty: Atazhurt, 2001. 320 p. (In Kaz.)

Kinajatuly, 2007 — *Kinajatuly Z.* Mongolijadagy kazaktar [Kazakhs in Mongolia] Almaty: Duniezhuzi kazaktarynyn kauymdastygy, 2007. Book 2 256 p. (In Kaz.)

Kozgambaeva G.B., Kalysh, 2014 — *Kozgambaeva G.B., Kalysh A.B.* Mongolijadagy kazak diasporasynyn tarihy: oku kuraly [History of the Kazakh diaspora in Mongolia: a textbook]. Almaty: Kazak universiteti, 2014. 172 p. (In Kaz.)

Kurmanbayuly, Rakhmetuly, 2007 — *Kurmanbayuly, Uzben, Rakhmetuly, Shynai.* Mongolijadagy kazak halky [Kazakh people in Mongolia]. Bayan-Olgiy: Admon, 2007. 264 p. (In Kaz.)

Muhamadiuly, 1997 — *Muhamadiuly, Hurmethan.* Mongolijadagy kazak subetnosynyn kalyptasuy men damuy. (Tarihi-etnologijaluk zertteu) [Formation and development of the Kazakh subethnos in Mongolia.

(Historical and ethnological research)]. Almaty-Ulaanbaatar, 1997. 221 p. (In Kaz.)

Pozdneev, 1892 — *Pozdneev A.M.* Mongolija i mongoly [Mongolia and the Mongols]. Saint-Petersburg, 1892. Pp. 675–696. (In Russ.)

Saraj, 1991 — *Saraj A.* Revoljucijadan burungy kazak halky [Kazakh people before the revolution] Olgij: Bajan-Olgij ajmaktyk baspasy, 1991. 116 p. (In Kaz.)

1 123 200 jetnicheskih kazahov — *1 123 200 jetnicheskih kazahov* vernulis' v Kazahstan [1,123,200 ethnic Kazakhs returned to Kazakhstan] [electronic resource]. September 26, 2023. News Mail.ru (access date: 28.09.2023) (In Russ.)

2000 Population, 2001 — *2000 Population* and Housing Census of Mongolia: The main results. Published by the National Statistical Office. Ulaanbaatar, 2001. 170 p. (In Eng.)

2020 Population, 2020 — *2020 Population* and housing census of Mongolia. National report, 2020. 298 p. (In Eng.)

## Әдебиеттер

Балтабаева и др., 2015 — *Балтабаева К.Н., Мамашев Т.А., Ермекбай Ж.А., Баймагамбетова А.Ж.* Казахская диаспора и репатриация (1991–2012): Монография. Научный ред. Мажитов С.Ф. Алматы: Елтаным, 2015. 568 с. 12 илл.

Балтабаева, 2012 — *Балтабаева К.Н.* Қазақ көші – қазақтың қауымдасуы: Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының қорынан құжаттар жинағы (Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 20 жылдығына аналған) = Репатриация казахов – консолидация народа. Сборник докум. Архива Президента Республики Казахстан к 20-летию Всемирной Ассоциации казахов. Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы, 2012. 352 б. қазақша, орысша

Баян-Өлгий аймгийн, 2020 — *Баян-Өлгий аймгийн* 2019 оны эдийн засаг, нийгмийн хөгжлийн статистикийн эмхэтгэл. Өлгий, 2020. 92 б.

Қинаятұлы, 1995 — *Қинаятұлы З.* Жылаған жылдар шежіресі. Алматы: Мерей, 1995. 298 б.

Қинаятұлы, 2001 — *Қинаятұлы З.* Моңғолиядағы қазақтар. Алматы: Атажұрт, 2001. 320 б.

Қинаятұлы, 2007 — *Қинаятұлы З.* Моңғолиядағы қазақтар. Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2007. 256 б.2-кітап.

Қозғамбаева, Қалыш, 2014 — *Қозғамбаева Г.Б., Қалыш А.Б.* Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 172 б.

Құрманбайұлы, Рахметұлы, 2007 — *Үзбен Құрманбайұлы, Шынай Рахметұлы.* Моңғолиядағы қазақ халқы. Баян-Өлгий: АДМОН, 2007. 264 б.

Мухамадиұлы, 1997 — *Мухамадиұлы, Хурметхан.* Моңғолиядағы қазақ субэтносының қалыптасуы мен дамуы. (Тарихи-этнологиялық зерттеу). Алматы: Улаанбаатар, 1997. 221 б.

Позднеев, 1892 — *Позднеев А.М.* Монголия и монголы. СПб.: 1892. С. 675–696.

Сарай, 1991 — *Сарай А.* Революциядан бұрынғы қазақ халқы. Өлгий: Баян-Өлгий аймақтық баспасы, 1991. 116 б.

Хабышұлы, 1980 — *Хабышұлы*, Ислам. Моңғолия қазақтарының тарихы. Өлгий, 1980. 244 б.

Ховд аймгийн, 2019 — *Ховд аймгийн* 2019 оны нийгэм эдийн засгийн танилцуулга. Ховд, 2019. 61 б.

Хүн, 2001 — *Хүн* Ам, орон сууцны 2000 оны улсын тооллого: Баян-Өлгий аймгийн тооллогын дүн. Улаанбаатар, 2001. 70 б.

Хүн, 2011 — *Хүн* Ам, орон сууцны 2010 оны улсын тооллого. Улаанбаатар, 2011. 274 б.

1 123 200 этнических казахов — 1 123 200 этнических казахов вернулись в Казахстан [электронный ресурс] // 26 сентября 2023. Новости Mail.ru (дата обращения 28.09.2023)

2000 Population, 2001 — *2000 Population* and Housing Census of Mongolia: The main results. Published by the National Statistical Office. Ulaanbaatar, 2001. 170 p.

2020 Population, 2020 — *2020 Population* and housing census of Mongolia. National report, 2020. 298 p.

**МАЗМҰНЫ**

**ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА**

**Нұртазина Н.Д., Аманжолова А.Қ.**
МОҒОЛСТАН МЕН ТЕМІР МЕМЛЕКЕТТЕРІ ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМНЫҢ КӨРІНІСІ…………………………………………………………..…….646
**Саидов И.М.**
ШАРУА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЯСАТЫ: ІЗДЕУ, СТРАТЕГИЯЛАР ЖӘНЕ ТАКТИКА……………...661

**ТАРИХ**

**Асанова Г.К., Әділбектегі Г.Ә., Сайн Э.Д.**
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР……………………………………………………………………………………..……….675
**Әдиет Қ.Б., Қалиев Ж.**
XV–XVI ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МОҒОЛСТАН МЕМЛЕКЕТІ……………….................................692
**Гейноуз Дж., Беркінбаев О.У.**
ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ……………………………………….…………704
**Еришева Т.А., Қара Ә., Алпысбес М.А.**
ТАРИХИ ЖАДЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ……….725
**Жанқадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.**
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНҒАН «СЕНІМСІЗ ХАЛЫҚТАР» ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ СЕГМЕНТІ РЕТІНДЕ……………………………………………………………………..……………...744
**Жылкышыбаева К.К.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1980–1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ……………….........................758
**Қаратаев Ә.Ә.**
ШЕЖІРЕ БОЙЫНША ҰЛЫ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШЫҒУЫ: ЖОШЫ ҰЛЫСЫ НЕМЕСЕ МОҒОЛСТАН?……………………………………………………………………………..………….772
**Марғұлан А.**
XIII–XV ҒАСЫРЛАРДА АҚТӨБЕ-ЛАЕТИ АЛТЫН ОРДА ҚАЛАШЫҒЫНДА ҚЫШ ЫДЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ…………………………………………………………………………………………………..790
**Сарсембина Қ.Қ., Қозыбаева М.М.**
САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫ (1920–1950 ЖЖ.)…………………………………………………………………………………………….802
**Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.**
МЫРЗАҒАЗЫ ЕСПОЛОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ……………..........................................................815
**Токишкадиров Б.Б., Бақытжанова А., Қайрат Д.Қ.**
1920–1930 ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ: МОҢҒОЛИЯҒА КӨШКЕН ҚАЗАҚТАР ТАҒДЫРЫ………………….830
**Шалманова Ә.Б., Бекназаров Р.А.**
МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАР: ЭТНОМӘДЕНИ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ……………….............................................................843

**АНТРОПОЛОГИЯ**

**Біләлова Г., Хабдулина М.**
БОЗОҚ ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ҚОРЫМЫНЫҢ ЖЕРЛЕУ РӘСІМІ……………………….856
**Иуксел Ф.А., Қаражігітова Ә.Е., Қасенәлі А.Е.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: САН ЖӘНЕ САПА (2021 ЖЫЛҒЫ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ)………………………………………………………………………..……………...869
**Ярыгин С., Сакенов С.**
БУРАБАЙДАН КЕЗДЕЙСОҚ ТАБЫЛҒАН ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЖӘДІГЕРЛЕРІ……………...…………..885

## СОДЕРЖАНИЕ

### ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

**Нуртазина Н.Д., Аманжолова А.К.**
ОТРАЖЕНИЕ ТРАДИЦИОННОГО ИСЛАМА В ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ ПО ИСТОРИИ МОГУЛИСТАНА И ГОСУДАРСТВА ТИМУРА……………………………………………………….....646
**Саидов И.М.**
ПОЛИТИКА КООПЕРИРОВАНИЯ КРЕСТЬЯНСТВА: ПОИСК, СТРАТЕГИИ И ТАКТИКИ………..…661

### ИСТОРИЯ

**Асанова Г.К., Адильбектеги Г.А., Сайн Э.Д.**
ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИИ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ………………….……675
**Адиет К.Б., Калиев Ж.**
КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН XV–XVI ВВ.………………...................................................692
**Гейноуз Дж., Беркинбаев О.У.**
АБИЛПЕЙЗ СУЛТАН И ЕГО ПОТОМКИ……………………………………………………………....704
**Еришева Т.А., Кара А., Алпысбес М.**
ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР……………………………………………………………………………………………...725
**Жанкадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.**
РАССЕЛЕННЫЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ «НЕБЛАГОНАДЕЖНЫЕ НАРОДЫ» КАК СЕГМЕНТ В ИЗУЧЕНИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ……………..........................................................................744
**Жылкышыбаева К.К.**
ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ (1980–1990 ГГ.)……………….............................758
**Каратаев А.А.**
ПРОИСХОЖДЕНИЕ ПЛЕМЕН СТАРШЕГО ЖУЗА ПО ШЕЖИРЕ: УЛУС ДЖУЧИ ИЛИ МОГУЛИСТАН?…………………………………………………………………………………………772
**Маргулан А.**
ИЗУЧЕНИЕ ГОНЧАРНОЙ КЕРАМИКИ В ЗОЛОТООРДЫНСКОМ ГОРОДИЩЕ АКТОБЕ-ЛАЭТИ В XIII–XV ВЕКАХ……………………………………………………………………………………….….790
**Сарсембина К.К., Козыбаева М.М.**
СУДЬБЫ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН В ГОДЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ (1920–1950 ГГ.)……………………………………………………………………………………………802
**Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.**
МЫРЗАГАЗЫ ЕСПОЛОВ – ДЕЯТЕЛЬ АЛАШ……………..............................................................................815
**Токишкадиров Б.Б., Бакытжанова А., Кайрат Д.К.**
ТРАГЕДИЯ 1920–1930-Х ГГ.: СУДЬБА КАЗАХОВ, ПЕРЕЕХАВШИХ В МОНГОЛИЮ………...………830
**Шалманова А.Б., Бекназаров Р.А.**
КАЗАХИ В МОНГОЛИИ: ОБЩИЙ ОБЗОР ЭТНОКУЛЬТУРНОГО, ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ……………..............................................................843

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Билялова Г., Хабдулина М.**
ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД МУСУЛЬМАНСКОГО НЕКРОПОЛЯ ГОРОДИЩА БОЗОК…………….....…856
**Иуксел Ф.А., Каражигитова А.Е., Касенали А.Е.**
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО (НА ОСНОВЕ ДАННЫХ ЗА 2021 ГОДА)…………………………………………...………………..869
**Ярыгин С., Сакенов С.**
СЛУЧАЙНЫЕ НАХОДКИ ЭПОХИ БРОНЗЫ ИЗ БУРАБАЯ……………………………………………....885

## CONTENTS

### THEORY OF METHODOLOGY

**Nurtazina N.D., Amanzholova A.K.**
REFLECTION OF TRADITIONAL ISLAM IN WRITTEN SOURCES ON THE HISTORY OF MOGHULISTAN AND TIMUR`S STATE……………………………………………………………………..646
**Saidov I.M.**
POLICY OF COOPERATION OF THE PEASANTRY: SEARCH, STRATEGIES AND TACTICS………...661

### HISTORY

**Assanova G., Adilbektegi G., Sain E.**
ECOLOGICAL PROBLEMS IN KAZAKHSTAN IN THE FIRST YEARS OF INDEPENDENCE…………675
**Adiyet K., Kaliev Zh.**
KAZAKH KHANATE AND MOGHOLISTAN (15th–16th CENTURIES)……………….............................692
**Gainous J., Berkinbaev O.U.**
ABILPEIZ SULTAN AND HIS DESCENDANTS……………..................................................................704
**Yerisheva T., Kara A., Alpysbes M.**
STUDYING OF THE HISTORICAL MEMORY PROBLEM IN KAZAKHSTAN: A HISTORIOGRAPHICAL REVIEW…………………………………………………………………………………………...…725
**Zhankadamova G.A. Ospanova R.R., Kariyeva T.A.**
"THE UNRELIAABLE PEOPLES" DISPERSED IN EASTERN KAZAKHSTAN AS A SEGMENT IN THE STUDY OF DOMESTIC HISTORY…………………………………………………………………………744
**Zhylkyshybayeva K.**
HISTORICAL EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN 1980–1990……………...........................................758
**Karatayev A.A.**
ORIGIN OF THE TRIBES OF THE SENIOR ZHUZ ACCORDING TO SHEZHIRE: ULUS JUCHI OR MOGULISTAN?……………………………………………………………………………………...……772
**Margulan A.**
THE STUDY OF POTTERY CERAMICS IN THE GOLDEN HORDE SETTLEMENT OF AKTOBE-LAETI IN THE XIII–XV CENTURIES……………………………………………………………………………790
**Sarsembina K.K., Kozybayeva M.M.**
THE FATE OF KAZAKHSTAN WOMEN DURING THE YEARS OF POLITICAL REPRESSIONS (1920–1950)…………………………………………………………………………………………………..802
**Tastekova G.B., Alpısbes M.A., Urakov D.Zh.**
MYRZAGAZY ESPOLOV – ALASH ACTIVIS……………..........................................................................815
**Tokishkadirov B.B., Bakytzhanova A.B., Kairat D.K.**
TRAGEDY OF THE 1920–1930S: THE FATE OF THE KAZAKHS WHO MOVED TO MONGOLIA.……830
**Shalmanova A., Beknazarov R.**
KAZAKHS IN MONGOLIA: A GENERAL OVERVIEW OF THE ETHNOCULTURAL, DEMOGRAPHIC AND SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT……………...........................................................................843

### ANTHROPOLOGY

**Bilyalova G., Khabdulina M.**
THE FUNERARY RITUAL IN THE MUSLIM BURIAL GROUND OF THE BOZOK SETTLEMENT……..856
**Yuksel F.A., Karazhigitova A., Kassenali A.**
ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN KAZAKHSTAN: QUANTITY AND QUALITY (ACCORDING TO THE DATA OF 2021)…………………………..…………………………………………………………….869
**Yarygin S., Sakenov S.**
CHANCE FINDS OF THE BRONZE AGE FROM BURABAY……………………………………………885

**EDU.E-HISTORY.KZ**
электрондық ғылыми

журналы2023. 10 (4)

*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.12.2023.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетіШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй